

«Саусақ ойындары» тілді дамытады

«Баланың ақылы оның саусақтарының ұшында»


В. А. Сухомлинский

Баланың тілінің мезгілімен дамуына көп көңіл бөлу қажет. Қолдың ұсақ бұлшық еттерінің дамуымен тілдің дамуының байланыстығы айқын. Саусақ жаттығуларының серпінді орындалуы артикуляциялық мүшелердің қозғалуының жетілуін дайындайды. Бірінші баланың қол қимылы дамиды. Тілдің жақсы дамуы саусақтардың жақсы, жаттыққандығымен байланысты. Сондықтан да, балалармен саусақ ойындарын жиі өткізуге көңіл бөлу қажет.



* «*Мысықтар*»

- * Біз кішкентай мысықпыз,
- * Сүтті жақсы көреміз,
- * Анамыздың артынан қалмай жүреміз.
- * (сұқ саусақ пен шынашақты жоғары көтеріп, ортаңғы тірек пен аты жоқ саусақты бас бармаққа қос)



* «Қоян»


- * Қоян,қоян
- * Ертемен оян,
- * Айнаға қарашы, бетінді жушы,
- * Шашынды тарашы
- * Ал енді, бізді құшы!
- * (тақпақ сөзіне сәйкес қимыл жасау.)



* «Торғай»

- * Торғай, торғай, торғайсың
- * Жақын келіп қонбайсын
- * Жем шашайын тойып ал,
- * Торғай сонда тоңбайсын.
- * (Саусақтарды қосып,
алақандарды айқастырып
қояды)

Қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған ойындар өте көп, мысалы: «Мозайка», «Бизи борд»




«Моншақ», «Пазлдар»



«Марблс шарлар», «Қыстырғыштар»



«Штрихтау», «Нүктелерді қос»



«Құрастырма», «Баумен тігу»



«Саусақ театры»



Назарларыңызға рақмет!

Логопед: М.Ниязбекова

